

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 188 (9250) | 1953 жылғы 18 сентябрь Жұма | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Партия ұйымдарының шұғыл міндеттері

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын партия мен бүкіл совет халқы бірауыздан мақұлдап қарсы алды. Жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция, барлық совет адамдары ауыл шаруашылығы өндірісінің бірқатар салаларының артта қалуын жою және бүкіл ауыл шаруашылығы мықтап өркендетуді ұйымдастыру жөнінде Пленум белгілеген ірі шараларды қызу қолдауда.

Қалалар мен селолардан түсіп жатқан хабарлар Пленум қаулылары барлық жерде бірдей бұқараның саяси және еңбекке терең бөлсенділігін күшейткендігін көрсетеді. Партия алға қойған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін совет адамдары өздерінің күші мен еңбегін аямауға бел байлап отырғандықтарын көрсетуде. Қазіргі негізгі міндет — бұқараның творчестволық инициативасын бұрынғыдан да терең өрістетуде, барлық күш мен қаржыны іске қосып, барлық колхоздардың, совхоздардың мен совхоздардың мықтап өрлеуін іс жүзінде қамтамасыз етуде болып отыр.

ССРО Орталық Комитетінің секретары Н. С. Хрущев жолдастың ССРО Орталық Комитетінің Пленумында жасаған, «Бөке» «Правдада» жарияланған баяндамасында ауыл шаруашылығы өндірісінің бірінші-ра негізгі салаларының артта қалу себептері барлық жағынан бірдей қорытылды, ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету міндеттері барлық жағынан бірдей терең негізделді. Партия ұйымдарының колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылығын батыл жақсарту талабы, бұл салалары елеулі кемшіліктерді тез жою талабы баяндамада ерекше қатты қойылды.

Партия мен үкмет колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды неғұрлым тез өркендету үшін барлық материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық жағдайларды жасауда. Мал шаруашылығы өнімдерін, картоп, омыртқалық және омыртқасыз малды өсірудің маңызын арттырып, ауыл шаруашылығын өркендету үшін қажетті жұмыстарды қосымша көп қаражат бөлу көзделді. Мемлекеттің өсебінен колхоздарға агротехникалық және зоотехникалық жәрдем күшейтіліп отыр.

арттыру болып табылады. Бұл жөнінде партия және совет қызметкерлері кадрларын нығайту мәселесінің бірінші дәрежелі маңызы бар. Көптеген аудандық комитеттер мен аудандық атқару комитеттерін өскелең талаптарға сай емес, ауыл шаруашылығын нашар білетін, басын жұмыстан қажетті тәжірибесі жоқ кадрлар басқарып отыр. Мұндай аудандарға кадр жөнінде көмектесу үшін облыстық, өлкелік және республикалық органдар аппаратының санын қысқарту, артық қондырмаларды ажыратып, қызметкерлердің едәуір бөлегін аудандық буынды, колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды нығайтуға ауыстыру қажет.

Бірақ, аудандық буынды маман кадрлармен нығайту — істің алғашқы бөлегі ғана орындау деген сөз. Істің екінші, сондай маңызды бөлегі — партия жұмысын өндіріске жақындату және МТС-тер мен колхоздарға басшылық жасаудағы несіздікті жою болып табылады. Аудан орталығында жауапты қызметкерлердің кептігіне қарамастан тиісті колхоз бен МТС-тегі істің жайы үшін, саяси жұмыс үшін іс жүзінде сәтті жауап бермей жүргендігін дұрыс деп санауға болмайды.

Тиісті қызметкер тиісті МТС пен колхозда жұмыс жүргізіп, олардағы істің жағдайы үшін жауап беретіндей етіп, аудандық партия аппаратының жұмысын қатты құру қажет. Осы мақсатпен аудандық партия комитетінің секретары басқарған нұсқаушылар тобы әрбір МТС-те болып, ол машина-трактор станцияларындағы және МТС қамтытатын барлық колхоздарды партиялық-саяси жұмысы үшін және істің жайы үшін жауап беруге тиіс.

Бұқара арасындағы еркін және ұйымдастыру жұмыстарын кәсіпшілік үшін колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда бастауыш партия ұйымдарының ролін арттырудың, бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын іріктеп алудың және ауыстырудың, комсомол ұйымдарын нығайтудың ерекше маңызы бар. Біздің даңқты колхозшы әйелдерің, МТС және совхоздардың жұмысшы әйелдерінің арасында жұмыс жүргізуге ерекше назар аударылың.

Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жөнінде Пленум қабылдаған программаны ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы күрес облыстық партия комитеттерінің

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

Автомобиль транспортын ұйымдастыруды жақсарту, жаппай өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы жүктері мен жолаушыларды автомобильмен тасуды қамтамасыз ету, жаңа құрылыстарды өркендету және тас жолдарды пайдалануды жақсарту мақсатымен ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, ССРО Министрлер Советінің ұсынуы бойынша, ССРО Автомобиль транспорты және тас жолдардың одақтық-республикалық министрлігін құрды.

ССРО Министрлер Советі бекіткен тізімдегі кәсіпорындары мен ұйымдары ССРО Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігіне берілді.

ССРО Автомобиль транспорты және тас жолдар министрі болып Иван Алексеевич Лихачев жолдас тағайындалды.

ССРО халық шаруашылығының талаптарын пайдалы қазба байлықтарының запасымен қамтамасыз ету үшін еліміздің жер қойны қазынасын комплексті және жоспарлы түрде геологиялық зерттеу және жер қойнын зерттеуді ойдағыдай ұйымдастыру мақсатымен ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, ССРО Министрлер Советінің ұсынуы бойынша, ССРО Геология және жер қойны қазынасы күзеті министрлігін құрды, оған ССРО Министрлер Советі бекіткен тізімдегі кәсіпорындары мен ұйымдары берді.

ССРО Геология және жер қойны қазынасы күзеті министрі болып Петр Яковлевич Антропов жолдас тағайындалды.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, ССРО Министрлер Советінің ұсынуы бойынша, ССРО Авиация өнеркәсіп министрлігін құрды және осы министрлікке ССРО Министрлер Советі бекіткен тізімдегі кәсіпорындар мен ұйымдары берді.

ССРО Авиация өнеркәсіп министрі болып Петр Васильевич Дементьев жолдас тағайындалды.

Я. Э. Калнберзин жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ
ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Латвия КП Орталық Комитетінің бірінші секретары Я. Э. Калнберзин жолдастың туғанына алты жыл толуына байланысты және оның Совет мемлекетіне сіңірген еңбегін бағалап, Ян Эдуардович Калнберзин

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы колхоз деревнясы еңбекшілерінің материалдық-мәдени тұрмыс дәрежесін арттыруға үнемі қамқорлық істеп отыру — барлық партия және совет ұйымдарының аса маңызды міндеті деп санайды.

(СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысынан).

Коммунистік партияның Орталық Комитетінің Пленумы алға қойған міндеттерді орындауға барлық күшті жұмсайық



СУРЕТТЕ: Преснов ауданы, «Баян» колхозының дала бригадасында СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын оқу. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жаңа жігермен

Торангүл МТС-де комбайншы болып жұмыс істегеніне бірнеше жыл болды. Содан бері колхоздардың егін даласында қажырлы еңбек етіп, комбайнды егін жыйнауға өнімді пайдаланудың озат әдістерін үйренді.

Былты егін жыйнау маусымының алғашқы күнінен бастап «Қызылту» колхозының егін даласында жұмыс істеп жүрмін. Колхоз басқармасы агрегаттың өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдайды туғызды. Тракторшы Ө. Сейдахметов, Т. Ескендіров, комбайн бункерінен астық тасушылар М. Қалиева, З. Ескенсева жолдастар өнімді еңбек етіп, комбайндың төулігіне 17—18 сағат жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді.

Біз комбайн мен тракторға, техникалық күтімді кезінде жасап, әрбір бөлшектің қалтықсыз жұмыс істеуіне жеткізудеміз. Комбайн мен тракторға жөнар, жығар май, су уақытылы құйылып отырылады. Егін жыйнау жасаптан маршрут-жоспар бойынша жүргізіледі.

пен қарсы алды. Бұл қаулы социалистік ауыл шаруашылығын алып адыммен өркендетуге, халықтың әл-ауқат және мәдени дәрежесін оған сайын арттыра беруге бағытталған іс программасы болып табылады. Пленумының бұл қаулысында ауыл шаруашылығы механизаторларының білімін толықтыру, олардың мамандығын арттыру, тұрмыс дәрежесін бұдан да жақсарту мәселесіне ерекше көңіл бөлінген.

Сондай-ақ тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері, олардың жәрдемшілері МТС-тің тұрақты жұмысшылары ретінде штатқа енгізілетін болды. Мұның барлығы біздің еңбекке деген жігерімізді бұрынғыдан да арттыра түседі.

Рас, біздің жұмысымызда болып келген елеулі кемшіліктерді жасыра алмаймыз. Біздің біліміміз әлі де болса төмен, техниканы толық меңгерме алмай келеміз. Сондықтан оның қуатын сарқылмай пайдаланбай жүрміз. Егіс жұмыстары мерзімінде және жоғары сапада өткізілмей келеді. Зябь жырту жоспары орындалмай қалды.

Зор қамқорлық

Сokolov ауданындағы Буденный атындағы колхоздың колхозшылары мен осы колхозды қамтытатын МТС-тің механизаторлары Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Қаулыны оқыл танысқаннан кейін бұл колхоздың колхозшылары егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының қарқынын өседеген жігермен күшейтті.

— Біз, — дейді егіс бригадасының бригадирі Н. Ягодина жолдас, — партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында колхозымыздың егін және мал шаруашылығын жылма-жыл өркендетіп келеміз. Колхозшылардың әл-ауқат және мәдени дәрежесі жақсара түсуде. Былты колхозда жыйналған егіннің әрбір гектарынан 13—14 центнерден өнім алынды. Ал, біздің бригаданың мүшелері 30 гектар жаздық бидайдың әрбір гектарынан орта есеппен 30 центнерден өнім алды. Мұндай мол өнім алу жер жырту, тұқым себу және басқа да егін шаруашылығының еңбекті көп тілейтін жұмыстарының механика күшімен атқарылуының нәтижесі. Колхозда көктемгі егіс жұмыстары түгелінен тракторлардың күшімен атқарылды. Сол сыяқты, егін комбайндармен жыйналды.

Астық тазалауда жұмыс істеп жүрген колхозшы Т. Волков жолдас ССРО Орталық Комитеті Пленумының қаулысы жөнінде былай деді:

— Пленумының қаулысы социалистік ауыл шаруашылығын барған сайын өркендетуге, талаудағы екі-үш жылдың ішінде халқымыздың азық-түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған қажетін молынан қанағаттандыруға, жеңіл және тымас өнеркәсіпін индустриямен қамтамасыз етуге бағытталған. Ауыл шаруашылығы өркендей түскен сайын біздің тұрмысымыз сондай жақсара түсуде. Мен алғашқы аванстың өзінде 142 пұт астық және 1165 сом ақша алдым. Колхозда егін және мал шаруашылығы неғұрлым өркендей түссе, солғурлым біздің табысымыз да молая түседі. Сондықтан мен колхозды ұйымдық шаруашылық жағынан күшейтуге бармақ

риалдық-техникалық жағдай ғана шешеді, ауыл шаруашылығы бұдан былай күнбе-күнгі ұйымдастыру және саяси жұмыстарыңыз-ақ өркендей береді деп ойлау дұрыс болмас еді. Егер зор ұйымдастырушылық күш жұмсалмаса, егер жергілікті жерлерде бар мүмкіншіліктердің дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етуге қабілетті жақсы орындаушылар мен ұйымдастырушылар болмаса, қанша зор болса да ешбір материалдық-техникалық көмек, қаншалықты мұқият белгіленген болса да ешқандай директивалар тиісті әсер ете алмайды.

Табысқа жету үшін басты істерге баса көңіл аудару керек. Ал, ең бастысы, деді Хрущев жолдас өзінің баяндамасында, колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды маман, қабілетті кадрлармен, жақсы қызметкерлермен нығайту болып табылады. Ауыл шаруашылығын өркендету саласында белгіленген шаралардың жүзеге асырылуы ең алдымен адамдарды дұрыс іріктен алып, білетін, қолынан іс келетін, тәжірибелі, адал және берілген басындармен колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды нығайтуға байланысты.

МТС-тердің, колхоздар мен совхоздардың басты кадрларын нығайтпайынша ауыл шаруашылығы саласында, біздің алдымызға қойылған зор және күрделі міндеттерді шешуі алмайтындығымызды түсіну керек. Ең алдымен колхоздар сыяқты ірі коллективтік шаруашылықтарды басқаруға, машина-трактор станциялары мен совхоздар сыяқты ірі мемлекеттік кәсіпорындарын басқаруға көбінесе қажетті білімі, не ұйымдастырушылық тәжірибесі жоқ адамдардың тағайындалуы сыяқты жағдайға тыйым салатын уақыт жетті. Әрбір колхозды тәжірибелі, іс білетін және қабілетті ұйымдастырушы басқаруына, әрбір МТС-ті әр уақыт жоғарғы арнаулы білімі бар және үлкен кәсіпорынын басқаруға қабілетті қызметкердің басқаруына жетісу керек.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың басты кадрларын нығайту жөнінде шұғыл шараларды жүзеге асыру қажет деп таныды. Бұл міндет ең қысқа мерзімде шешіледі және шешілуге тиіс те. Бізде социалистік ауыл шаруашылығының көптеген талантты басындары мен ұйымдастырушы кадрлары бар. Көптеген аудандардың МТС-тер мен колхоздар мен совхоздардың кадрларын жергілікті қызметкерлердің есебінен нығайтуға мүмкіншілігі бар. Ал, мұндай мүмкіншілігі жоқ аудандарға қала ар мен өнеркәсіп орталықтары көмек көрсетуге тиіс.

Егер партия ұйымдары тиісті түсінік жұмыстарын жүргізсе, қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында селоларға өз еркімен барып, барлық күшін деревнядағы жұмысты жақсарту ісіне жұмоуға тілек білдіретін сан-мыңдаған коммунистердің табылтындығын сеніммен айтуға болады. Партия ұйымдарының міндеті — мұндай адамдарды үнемі жолдап, құрметтеу, оларға қамқорлық жасау, олардың жемісті еңбек істеуі үшін барлық жағдайларды тудыру болып табылады.

Ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартудың толғағы жеткен мәселесі колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды өркендетуде аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің ролін

рін жақсартуды талап етеді. Көптеген облыстық партия органдарының ауыл шаруашылығына басшылық жасау жөніндегі жұмысының дәрежесі әлі де жеткіліксіз екендігін фактілер дәлелдеп отыр. Көптеген облыстық партия қызметкерлері колхоздардағы істің жайын терең білмейді, шалағайлық көрсетеді, колхоздарға іс жүзінде көмек көрсетудің орнына, көп уәделі декларациямен және шақырулармен тынады. Тіпті кейбір облыстық партия комитеттерінің секретарьлары ауыл шаруашылығын нашар біледі және оны үйренгісі келмейді.

Ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету міндеті толғағы жеткен, бүкілхалықтық міндет болып отырған кәзіргі жағдайда партия қызметкерінің міндеті егіншілік пен мал шаруашылығының негіздерін үйрену, істі білу арқылы оларды өркендетуге басшылық жасау болып табылады. Партия қызметкерінің агроном болуы шарт емес, бірақ, ол ауыл шаруашылығын жүргізу мәселелерін жақсы білуге міндетті. Ал, бұл әркімнің қолынан келетін іс.

Кәзір партия ұйымдарында СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын кеңінен талқылап, үйрену басталды. Кеше Москва облыстық партия комитетінің пленумы болып, онда Орталық Комитет Пленумының қорытындылары талқыланды және оның қаулыларын Москва облысында жүзеге асыру жөніндегі шаралар белгіленді. СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын талқылау барлық жерде ауыл шаруашылығын өркендетудің нақтылы міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі партия ұйымдарының зор практикалық жұмысының бастамасы боларлықтай дәрежеде өтуіне жетісу қажет. Мұнымен бірге, партия органдары, барлық коммунистер мен комсомолдер жұмысшыларға, колхозшыларға, интеллигенцияға, барлық еңбекшілер бұқарасына партияның ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі шараларын кеңінен түсіндіріп, егіннің шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы, ауыл шаруашылық жылғы табысты аяқтау және ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты нәрменінше өрістетуге тиіс.

Социалистік ауыл шаруашылығының мүмкіншілігі ұшан-теңіз. Егін даласы мен ферма еңбекшілерінің творчестволық күштері сарқылмайды. Тек қана оларды іске белсенділікпен жұмылдыра білу керек. Бұл үшін партия ұйымдары өздерінің колхоздармен, МТС-термен және совхоздармен байланысын нығайтып, арттыра беруге, үнемі бұқарамен біте қайнасуға, адамдарды, олардың мұқтаждары мен тілектерін жақсы білуге, үнемі және барлық жерде деревняның алдыңғы қатарлы адамдарына сүйеніп отыруға, барлық колхозшыларды, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшылары мен олардың ерте білуге тиіс. СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларымен қаруланған жергілікті партия ұйымдарының ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету саласында өздерінің алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай орындайтындығы сөзсіз.

(«Правданың» ось жылғы 16 сентябрьдегі бас қаласы).

жолдас Ленин өрденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль.
16 сентябрь 1953 жыл.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумында

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы, бұдан бұрын қабылданған қарарды өзгертіп, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы 1953 жылғы 24 сентябрьде шақырылсын деп қаулы алды.

Москваң медициналық жаңа мекемелері

Москва еңбекшілерінің медициналық көмекпен қамту жақсарту. Еңбекшілер депутаттары Москва қалалық Советінің денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі С. А. Чесноков СОТА-ның тілшісімен әңгімелескенде кәзір астанада аурухана үйлерін салуға үлкен құрылыс жүргізіліп жатыр деп хабарлады. Өткен жылы 10 аурухана корпусы пайдалануға берілді, үстіміздегі жылы 10 аурухана корпусы пайдалануға беріледі. Келесі жылы 20 аурухана үйі қатарға қосылады.

Мытищада, Кожуховта және қала маңындағы басқа да жерлерде қалалық жаңа ауруханалар мен санаторийлер ашылады. Поливановта бір мың койкалық аурухана салу белгіленіп отыр.

СССР денсаулық сақтау министрлігі 6 қабатты аурухана үйін салады. Бұл аурухана негізінен басқа қалалардан келген ауруларға арналады.

Поликлиникалар сеті кеңейтілуде. Олар үшін Москва қалалық Советінің қарары бойынша жаңа құрылыстардың бірінші қабатынан үй бөлінеді. Үстіміздегі жылы жаңа поликлиникалар Ленинград, Ленинск және Сталинск аудандарында ашылды. Черемушкинда поликлиника құрылысы аяқталып келеді. Москваның мемлекеттік университетінің биік үйінде үлкен поликлиника жабдықталуда.

Москвада 19 медициналық орта мектеп жұмыс істейді. Олар фельдшерлер, акушерлер, рентген техниктерін және орта мамандықтағы басқа да мамандар даярлайды. 1 октябрьде жаңа 11 медициналық мектепте оқу басталады.

Ауруларды және емдеу мекемелерінің жағдайын онан әрі жақсарту үшін босатылатын қаржы арттырылды.

(СОТА.)

Кутаиси жібегі

КУТАИСИ, (Грузин ССР). 16 сентябрь. (СОТА). Кутаиси жібек комбинатының коллективі мата шығаруды едәуір арттырды. Мұнда тұтынушылар өте қажет ететін Москва және Первомай крөпін өндіру ойдағыдай ісерліді. Астарлық жартылай жібек материалдар шығарыла бастады.

Кәзір комбинат матаны өткен жылдағыдан 21 процент артық өндейді.

жылдың басынан астық аралары агрегат жүріп, бара жатқанда қатарлады. Демек, біздің колхоздың егіс бригадасы мен трактор бригадасы жұмысты ынталықпен істеп, ауыл шаруашылығы жұмыстарының қандай саласы болса да кезінде атқарып келеді. Осының барлығы біздің 22 жұмыс күні ішінде «Сталинец—6» комбайнымен 545 гектар егін жыйнауымызға, сөйтіп, маусымдық тапсырманы 150 процент орындауымызға мүмкіндік турғызды.

Біздің агрегаттың мүшелері СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын зор қуанышпен

Колхозшылар үні

СМЕРНОВО. (Телефон арқылы алынды). Көш болған кез. «Ігілік» колхозының дала қосы. Жұрттың бәрі радиобабылдарының маңына жыйналған. Олар СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын оқыған диктордың әр сөзін зейін сала тыңдауда.

Қаулыны радиодан тыңдап болғаннан кейін жүректерін қуаныш сезімі билеген колхозшылар мен механизаторлар бұл тарихи документ туралы қызу әңгімеге кірісіп, өзара пікір алды. Әңгіме арасында алдыңғы қатарлы колхозшылардың бірі Қ. Садуақасова жолдас былай деді:

— Партиямыз бәрі үкіметіміздің күнделікті қамқорлық көрсетіп отыруының нәтижесінде біздің колхоздың шаруашылығы мен мәдениеті өсіп келеді. Колхоз мүшелері бйып қажырып еңбек етіп, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Кәзір мемлекетке жоспардан тыс астық берудеміз.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өр-

Егіншілердің қуанышы

БУЛАЕВО. Бұл күндері аудан егіншілері жаңа еңбек табыстарына ие болуда. Олар мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Егіншілер СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын колхоз құрылысын күлдендіре беру жөніндегі партияның жаңа қамқорлығы ретінде қарсы алды. Партиямыздың бұл қамқорлығына колхоз, совхоз егін даласындағы еңбекшілер еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттырып, егін жыйнау науқанын таяудағы күндерде аяқтаумен жауап бермек.

Комбайнмен егін жыйнаудың шебері, Булаев МТС-нің комбайншысы Хоменко жолдас «Новый путь» ауылшаруашылық

Алдыңғы қатарлы бригада

Баян МТС-нің трактор бригадаларының өзара социалистік жарысында В. Величко жолдас басқарған трактор отрядының мүшелері алда келеді. Мұнда әрбір 15 аттық күні бар трактормен 550 гектар жер жұмысталып, бригада бойынша 10 центнер жанар, жағар майлары үнемделді. Тракторшылар И. Казухарь және Р.

жаздық дақылдың өркатары көктемде жыртылған жерге салынады. Осының барлығы мол өнім алуға мүмкіншілік бермей келеді. Бұл кемшіліктер Пленумының қаулысында да көрсетілген. Әрине, біз мұны жоюға тиіспіз.

Бұл күндері агрегат мүшелері партиямыздың қамқорлығына нақтылы іспен жауап беру үшін еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыруда. Демек, тәулігіне 28 гектарға дейін егін жыйнаудамыз. Бұл біздің социалистік ауыл шаруашылығын өркендету беруге қосқан үлесіміз болып саналады.

Қ. ӘБШЕВ,
Торангүл МТС-нің комбайншысы.

кедету шаралары туралы» қаулысы біздің жаңа табыстарға жетуге жұмылдырады, өйткені, онда барлық совет халқының ойы, тілегі, мүддесі айтылған.

Жаңа қаулыны аса қанағаттанарлық сезіммен қарсы алған осы колхоздың колхозшылары мен колхозда жұмыс істеп жүрген МТС механизаторлары онан жауап ретінде келесі күні жұмыс қарқынын бұрынғыдан да үдете түсті. Комбайншы Х. Арапханов «Сталинец—6» комбайнымен күніне 30—35 гектар егін жыйнады. Комбайншы В. Литвин де тәуліктік тапсырмасын екі есе асыра орындады.

Механизаторлардың қарқынынан қалыспаған колхозшы еңбекші И. Омарова, Б. Шағатаева, К. Садуақасова жолдастар зерноультпен астықты нормадағыдан екі есеге жуық артық тазалады. Күн сайын үнемі осындай жақсы көрсеткіштерге жетісіп отыру олардың әдеттеріне айналды.

Колхозда жұмыс күні-түні бірдей жүргізіліп, қарқын үдей түсуде.

артелінің егін даласында жұмыс істеп жүр. Ол науқан басынан бері 800 гектар егін орып, 9 мың центнер астық бастырды.

— Мен СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын асқан ынтамен оқып, таныстым, — дейді Хоменко жолдас. — Колхозшылар мен механизаторлардың ынталық мақтасып жұмыс істеуі жаңа табыстардың кепілі. Біздің отандық техникамыз ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі жаңа міндеттерді ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді.

Кәзір Хоменко жолдас басқарған агрегат коллективі еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттырып, күн сайын комбайнмен 400—450 центнер астық бастыруда.

Володин жолдастар әрбір 15 аттық күні бар трактормен 720 гектардан жер жұмысталады.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысымен жігерленген тракторшылар еңбек өнімін арттыра түсу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде.

А. РАҚЫМОВ.

аянбай еңбек етемін.

Бұл колхоздың колхозшылары Пленум қаулысын осындай жаңа жігермен қарсы алып, онан нақтылы іспен жауап беру үшін шаруашылықтың барлық саласында еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

Колхозшылар қажеті үшін

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы колхоздар мен МТС-терді және совхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан үздіксіз нығайта берудің, совет адамдарының үнемі өсіп отырған тілегін толық қанағаттандырудың тағы да бір айқын программасы болып табылады. Бұл қаулыны мүлтіксіз жүзеге асыру партия, совет, комсомол ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының көзек-күттірмейтін міндеті. Сондай-ақ бұл істе сауда орындарының да үлесі аз емес.

Сауда орындары еңбекшілерді өнеркәсіп товарларымен, азық-түлікпен, құрылыс материалдармен жеткілікті мөлшерде жабдықтауға тиіс. Кәзір облыстық тұтынушылар одағы және оның жергілікті орындары бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін күресуде. Соңғы кезде ауыл-селолардың дүкендеріне өнеркәсіп товарларының, азық-түліктердің, құрылыс материалдарының түр-түрі көптеп түсуде.

Облыстық тұтынушылар одағы өзінің жергілікті орындары арқылы облысымыздың колхоздарына жыл басынан бері 13 мың 600 текшеметр ағаш, 12 мың 400 такта шифр, 33 мың 700 текшеметр әйнек шынысы, 248 тонна қандытыр, 426 тонна цемент, 50 тонна шөгін және басқа да көп құрылыс материалдарын сатты. Бұл күндері облыстық тұтынушылар одағының базаларына жаңадан тағы да көп құрылыс материалдары келіп түсуде. Бұл материалдарды колхоздар күн сайын сағып алуда.

Кеше облыстық тұтынушылар одағы қызметкерлерінің мәжілісі болды. Онда Пленум қаулысында сауда орындары алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру, демек, облыс еңбекшілерін өндіріс товарларымен, құрылыс материалдарымен бұдан да жақсы жабдықтау мәселесі талқыланды. Сонымен бірге, ол мәжілісте сауда орындарының, әсіресе, аудандық тұтынушылар одақтарының жұмысында әлі де болса көп кемшіліктердің барлығын, сауда қызметкерлерінің тұрақтандырылмағандығы, кейде көпшілік тұтынатын товарлардың талан-таражға түсуі, жекелеген аудандық тұтынушылар одақтарының картоп, оwoщ өнімдерін абысы күндері саяқтайтын орындарды дайындамай отырғандығы айтылды. Сөйтіп, бұл кемшіліктерді жоюдың шаралары белгіленді. Мәжілістің қорытындысында сауда жұмысын онан сайын жақсарту, еңбекшілердің бұл жөніндегі тілектерін үнемі бұлжытпай орындау жөнінде бағалы ұсыныстар жасалды. Картоп, owoщ сататын дүкендер ашуға, owoщтарды сақтайтын қоймалар салуға көп құрылыс материалдары мен қаржы бөлуі ұйғарды.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия оқуы жылына әзірлік

Насихатшы болу — құрметті іс

Кәзір партия оқуы жүйесіне қойылатын талап бұрынғыдан да күшейіп отыр. Коммунистер мен партияда жоқ кадрларымыз маркстік-лениндік ілімді творчестволық жолмен үйреніп, оны коммунистік құрылыстың практикалық міндеттері жүзеге асыру ісіне пайдалана білуге тиіс.

Бұл талапты ойдағыдай жүзеге асыруда насихатшы кадрлар шешуші роль атқарады. Өйткені, олар, насихатшылар, доғмалық пен дүмшелікке жол бермей, сабақтың идеялық жоғары дәрежеде жүргізілуін ұйымдастыра білсе, коммунистердің оқуы жемісті болатыны сөзсіз. Мұны мен өзімнің кешкілік тәжірибемнен жақсы білемін. 1947—48 оқу жылдарында партия оқуының бастауып буыны — саяси мектепте насихатшы болып істегенімде, кейбір теориялық мәселелерді толық түсіне алмадым. Жасыратыны жоқ, менің бұл кемшілігім кейде сабақтың мазмұны төмен болуына себеп етті. Осыны еске алып, өзіме талапты күшейттім. Жыл сайын насихатшылардың арнаулы курстары мен семинарларында болып, партия насихатшы ұйымдастыру жөніндегі әдебиеттерді көп оқыптын болдым. Мұның үстіне соңғы екі жылдан бері Қарағандың мұғалімдер институтында сырттан оқып жүрмін.

Өткен оқу жылында партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірмеде насихатшы болып істедім. Үйірменің құрамында 22 тыңдаушы болды. Олар партия тарихының қысқаша курсының алғашқы үш тарауын және партияның XIX съезінің материалдарын оқып үйренді. Жыл аяғында қорытынды сабақтарға тыңдаушылар түпел қатысып, үйірмеде өткен материалдар бойынша олардың бағам кешілігі терең білім алғандықтарын байқатты. Бұл менің теориялық даярлығым мен насихатшылық шеберлігімнің біраз жақсарғанының нәтижесі ғой деп ойлаймын.

Сонымен қабат өткен оқу жылында үйірменің жұмысында кейбір кемшіліктер де болды. Тыңдаушылардың білімі бірқалып болмады. Мұның өзі сабақты ойдағыдай ұйымдастыруға бөгет болды.

Быйғы, жаңа оқу жылына әзірлене отырып, партия ұйымы жалпы білімі төмен коммунистердің, комсомолецтердің және басқа колхоз активтерінің жалпы білім беретін мектепте оқуын ұйымдастыруды ұйғарды. Осының нәтижесінде жаңа оқу жылында партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірмеде жетікшілік және оған жоғары білімдері бар адамдар оқыптын болып отыр. Партия ұйымы бұл үйірмеге мені тағы да насихатшы етіп белгіледі.

Мен үйірме тыңдаушыларымен әңгімелесіп, оларға жаңа оқу жылына қажетті оқулықтарды күнделікті әзірлеп алуын ұсындым. Тыңдаушылардың ала-

Аудан партия ұйымының әзірлігі

СОКП XIX съезінің қарарларын және партиямыздың Орталық Комитетінің нұсқауларын орындай отырып, аудан партия ұйымы коммунистер мен партияда жоқ кадрларға маркстік-лениндік тәрбие беру ісіне ерекше назар аударуда.

Бастауып партия ұйымдарының жыйналыстарында және аудандық партия комитетінің бюро мәжілістері мен пленумдарында партия оқуының жайы туралы мәселелер жиі талқыланатын болды. Насихатшы кадрларды іріктен алу және оларды тәрбиелеу ісі біраз жақсарды. Осының нәтижесінде өткен оқу жылында партия оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептердің басым көпшілігі оқу программасын толық аяқтады. Сабақтың идеялық дәрежесі артты. Мәселен, Чистов совхозы партия ұйымының жанындағы партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірменің тыңдаушылары оқу жылы аяғындағы қорытынды сабақтарға белсене қатысып, оқу программасына терең үйренгендіктерін білдірді. Насихатшы Макаров жолдас әрбір сабаққа мұқият әзірленіп, тыңдаушылардың партиямыздың тарихы мен теориясын үйренуге деген ынталылықтарын арттыра білді. Осы сияқты, Возвышен астық совхозы, Булаев алеваторы партия ұйымдарының жанындағы үйірмелердің насихатшылары Лушинков, Гусинский жолдасар партия насихатшы ұйымдастыруда айтарлықтай нәтижелерге ие болды.

Өткен жылы 145 коммунист партиямыздың тарихы мен теориясын өздігінен оқып үйренді. Аудандық комитет лекция оқулықтарын оқу, семинар сабақтарын өткізу жолымен өздігінен оқушыларға қажетті көмек көрсетті. Бұлардың ішінен 134 адам оқу жылының аяғындағы теориялық әңгімелерге қатысты. 50 коммунист жалпы білім беретін мектептерде оқыты.

Дегенмен, ауданымыздың партия оқуы жүйесіндегі өткен оқу жылының қорытындысы бірқатар үйірмелер мен саяси мектептерде тыңдаушылардың сабаққа түпел қатыспауы, сабақтың идеялық дәрежесі төмен болуы сияқты фактілердің орын алғанын көрсетті. «Гигант», «Вторая пятилетка» колхоздары партия ұйымдарындағы үйірмелерде оқу программасы жартылай да орындалмады. Тыңдаушылардың сабаққа қатысуы 30—35 проценттен артпады. Бұл үйірмелердің насихатшылары, Дубров, Валитов жолдасар сабақта тиісті оқулықтың тек мазмұнын айтып беруден ғана тынған. Өздігінен оқушылардың бірқатары, атап айтқанда, аудандық Совет атқару комитетінің секретары Козлова, колхоз председателі Айсанов, кинотеатрдың директоры Шабалин жолдасар және басқалары өздігінен оқушылардың тізімінде формальді түрде ғана оқытылып кетті.

партия оқуы жүйесіндегі өткен оқу жылының қорытындысы және жаңа оқу жылына әзірлік жөнінде арнаулы мәселе талқыланды. Пленумда партия оқуын ұйымдастыруда орын алған кемшіліктер қатаң сыналды. Пленум қаулысы барлық бастауып партия ұйымдарының жыйналыстарында талқыланды. Аудандық партия комитетінің қызметкерлері әрбір бастауып партия ұйымдарында болып, коммунистердің оқуын ұйымдастыру жөнінде нақтылы көмек көрсетті.

Біз саяси мектептер мен үйірмелердің және партия оқуының басқа да буындарының құрамын белгілегенде коммунистер мен партияда жоқ кадрлардың саяси және жалпы білім дәрежесін мұқият ескердік. Өткен оқу жылында білім дәрежелерінің төмендігінен программалық материалдарды үлгере алмаған жолдасарға жалпы білім беретін мектептерде оқуды ұсындық. Сөйтіп, үйірмелер мен саяси мектептерде, кешкі партия мектебінде тыңдаушылар құрамының білімі бірқалып болуын қарастырамыз. Бұрын өздігінен үйренушілердің көпшілігі быйғы үйірмелерде, немесе, кешкі партия мектебінде оқыптын болады.

Кәзір партия оқуының жүйесі құрамын белгілеу негізінен аяқталды. Жаңа оқу жылында СОКП тарихын үйренетін 29 негізгі типті, 13 жоғарғы типті үйірмелер, екі саяси мектеп, саяси экономияны үйренетін екі үйірме, диалектикалық және тарихи материализмді үйренетін бір үйірме, аудандық партия комитетінің жанындағы кешкі партия мектебі, партия, совет активінің семинары жұмыс істейтін болады. Бұларға аудан партия ұйымы құрамының 90 проценти, 76 комсомолец, партияда жоқ активтерден 72 адам оқыды. 100-ден астам коммунистер сауаттандыру мектептерінде оқып, жалпы білім дәрежелерін арттырады.

Аудандық партия комитеті насихатшылар құрамын іріктен алу мәселесіне ерекше назар аударды. Жаңа оқу жылында жұмыс істейтін 51 насихатшының барлығының орта және жоғары дәрежелі білімдері бар, партия насихатшының тәжірибелері мол адамдар. Бұлардың ішінен 15 насихатшы жағғы айларда РКП Орталық Комитетінің және облыстық партия комитетінің жанындағы арнаулы курстарда болып, теориялық және методикалық білімдерін толықтырды. Жағғы курстарда болмаған насихатшылар үшін аудандық партия комитеті осы айда семинар өткізгенді отыр. Демек, оқу жылы басталғанға дейін партия оқуы жүйесіндегі барлық насихатшылар теориялық және методикалық көмек алатын болады.

Партия кітапханасы, пітаттан тыс лекторлар тобының мүшелері партия оқуы жүйесіне әзірлік жөнінде талқыламалар



Петропавлдың өндік жеміс питомнигінде. Мұнда кәзірдің өзінде қара өріктің әртүрлі сорттарынан 6 тонна өнім жыйналды. Суретте: питомникте қара өрік жыйнап жатқан кез.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

«ПУТЬ ЛЕНИНА» КОЛХОЗЫНДА

Жаңа радио станциясы

Жуырда колхоз орталығында жаңа радио станциясы салынып, жұмысқа қосылды. Радиостанция 230 колхозшы үйін қамтыйды. Орталықтан 3 километр жердегі Дмитриевка селосына радио сым тартылды.

Сол сияқты, егін даласында жұмыс істейтін 3 трактор отрядында да радиоқабылдағыштар бар.

Дала жұмыстары

механикаландырылуда

Бұл колхоздың егін даласында 13 трактор, 9 комбайн жұмыс істейді. Қоғамдық малға жемшөп дайындау, егін ору және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының бірсыпырасы механика күшімен жүргізілуде.

Сонымен бірге, бұл колхозда кәзір шөп шабуға үш агрегат жұмыс істеп жүр.

Жаңа клуб

Колхоз орталығында жаңадан клуб үйі салынды. Оның 250 адамға арналған орны бар. Клубта оқу үйі үшін арнаулы бөлме жабдықталған.

Клуб үйінде колхозшылар үшін сауық кештері жиі өткізіліп тұра-

Халықаралық шолу

БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ САЙЛАУ НЕНІ КӨРСЕТТІ

6 сентябрьде Бонн парламентінің (бундестагінің) сайлауы болып өтті. Сайлаудың әзірлігі, барысы және нәтижесі аденауэрлік топ пен оның америка қамқоршыларының халыққа қарсы, кекшілдік арам ниеттерін айқын көрсетті.

Сұрқыялық сайлау заңы, Батыс Германияның патриоттық күштеріне қарсы қатал террор жасау, бұрмалау, сайлаушыларды зорлап, ашықтан-ашық қорқыту (батысгерманиялық өкмет орындары сайлауға байланысты 100 мыңнан аса полицейлерді жауынгерлік әзірлікте ұстаған)—Батыс Германиядағы «сайлаудың» толық емес сыйпаты міне осындай.

Кекшілдік және милитаристік партиялардың аденауэрлік блогі (ХДС, «еркін демократиялық партия», «неміс партиясы» және «жалпыгерманиялық блок») Америка мен Батыс Германияның империалистік топтарының кеңінен көрсеткен жәрдемінен, сонымен қатар америка оккупациялық өкмет орындарының тікелей көмегін пайдаланды. АҚШ-тың Германиядағы жоғарғы комиссиясы, мысалы, Аденауэрге ірі науқан өткізуге 6 миллион марка қаржы берген. Мұның үстіне, аденауэрлік коалициядағы партиялар ірі неміс банктерінен дәл осы мақсатқа 100 миллион маркадан аса ақша алған.

Бундестагтің депутаттығына ұсынылған кандидаттардың ішінде 200-ден аса генералдар, адмиралдар, полковниктер, банкирлер, ірі өнеркәсіп иелері, оның бұрынғы жоғары дәрежелі фашистік чиновниктері бар аденауэрлік коалицияның ашық кекшілдік-милитаристік талаптарын сайлаушыларға өрескел қысым жасаған америка билеуші топтары кеңінен қолдады. Мысалы, АҚШ мемлекеттік секретары Даллестің сөзін еске салудың өзі жеткілікті. Ол Батыс Германияның сайлаушыларын, сайлауда аденауэрлік коалиция жеңіліске ұшыраған күнде, мұның «апатты зардаптары болады» деп қорқытты.

Жаңа бундестагтің ұлтқа қарсы, халыққа қарсы сыйпаты мүлде айқын. Онда шешуші позицияларды монополистік және банктік капиталдың өкілдері, милитаристер, фашистер, кекшілдер басып алған. Бонн парламентіндегі 487 орыннан аденауэрлік партия—христиан-демократиялық одақ — 244 мандат, реакцияшыл-буржуазияшыл «еркін демократиялық партия» — 48, ұлтшылдық «неміс партиясы» — 15, Аденауэрге жақын «жалпыгерманиялық блок» — 27 және католиктік буржуазиялық партия — «орталық партиясы» — 3 мандат алған.

Германияның коммунистік партиясының кандидаттарына 600 мыңнан аса сайлаушылар дауыс беріп, ГКП ең кемінде 12 мандат алуға тиіс бола тұрса да, оған бірде-бір мандат берілмеген, өйткені Бонның сұрқыялық сайлау сис-

агрессияның жаңа ошағын жасау перспективалары туралы жазып отыр.

Америка ресми адамдары, деп хабарлайды Ассошиэтед Пресс агенттігінің тілшісі, сайлаудың нәтижелері «европалық армияны» құру жоспарына едәуір көмектеседі деп көрсетуде. Міне, айла-өрекеттің қандайын болса да талғамастан жүргізіп, кекшіл Аденауэрді сақтап қалғандардың шын мақсаты осындай.

Америка билеуші топтарының батыс германиялық бундестаг сайлауының нәтижелерін ең алдымен Францияға қысым жасау құралы ретінде пайдаланып қалатындығы айқын.

Бундестаг сайлауының нәтижелері бүкіл Германияның демократияшыл күштерінің кәзір қай кездегіден болса да бірігуі қажет екендігін көрсетеді.

Бүкіл герман халқының, әсіресе жұмысшы табының батыл қарсыласуы Аденауэр тобының кекшілдік саясатын жүргізуіне кедергі жасай алады.

Бейбітшіл халықтар саясатқа батыл қарсы шығуда.

«КӨМЕКТЕСУ» ҰРАНЫМЕН

Тегерандағы хабарға қанық ресми топтардан АҚШ-тың Тегеранға 95 миллион доллар мөлшерінде «көмек» беретін ниеті бар екендігі мәлім болды. Бұл «көмек», «жедел», «техникалық» және соғыс көмегі деген тарауларға бөлінген. Тегерандағы баспасөз конференциясында үкмет шолушысы Нуридің айтқанындай, америка «көмегі», «Иранның финансы және экономикалық істерін бір қалыпты арнаға» түсіруге мүмкіндік береді-міс.

Бірақ соңғы уақытта шетел баспа- зінде америка «көмегінің» мүлде жоққа кестерге арналып отырғанын сөзетін жеткілікті дәлелдер көріне бастады.

Иранның «Дад» газеті «Америка топтарының Иранға көмек беруге зор ынта білдірлуде» деп ешбір бүкпесіз жазды. Мұнда ешқандай жаңалық жоқ, өйткені АҚШ-тың Иран территориясында соғыс базаларын жасауды көздеп, көп жылдардан бері Иранды өзінің агрессиялық жоспарларына тартуға тырысып келгендігі жұртқа мәлім. Ақ «көмекке» келетін болсақ, бұл «көмек» АҚШ-тың соғыс жоспарларын жүзеге асыруы үшін, америка монополияларының Иран экономикасын басып алуы үшін қолайлы сылтау ғана болуға тиіс.

Американың «Крисчен сайен монитор» газеті: «міндет мынада болып отыр: берілетін көмек өзінің көздеген түпкі мақсаттарына жетуге тиіс...» деп атап көрсетті.

«Уолл-стрит джорнэл» газеті АҚШ ресми топтарының Иран үкметіне «көмек» беруге келісетін шарттарын міне былай деп белгілейді: Иран үкметі өзінің «Россиямен тілектес болмайтындығын» және «Батыспен достық байланыстар орнататынын» дәлелдеп беруге тиіс.

ташқы сабақ партияның 50 жылдығы жөнінде болатынын хабарлады. Көзір өзін соғы айда аудандық партия комитетінің жанында өтетін насихатшылардың семинарларына әзірленіп жүрмін.

Үйірмеде сабақтың мазмұнды өтуі үшін теориялық дайылым мен насихатшылық шеберлігімізді арттыра береміз.

Е. СМАҒҰЛОВ,

Октябрь ауданы, Ленин атындағы колхоз партия ұйымының насихатшысы.

ҚАЛА ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНДА

Қалада насихатшылардың тұрақты семинарларының жұмысы басталды. Бүгін күні және кеше қалалық партия комитетінің кітапханасында, теміржол бөлімшесі саясаттық бөлімінің кітапханасында семинардың алғашқы сабақтары өтті. Онда ККП қалалық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі:

Облыс финансы бөлімі бастауыш партия ұйымының есебінде тұратын 27 коммунист бар. Бұлардың бәрі де партия оқуы жүйесінде оқып отыр. Комму-

Август айында облыстық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде аудан партия ұйымында идеологиялық жұмыстың жайы туралы аудандық партия комитетінің есебін тыңдап, партия оқуын ұйымдастыру жөніндегі біздің кемшіліктерімізді атап көрсетті, ол кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын белгіледі. Көзір аудандық партия комитеті облыстық партия комитетінің қаулысын жүзеге асыру жолында жұмыс істеуде. Аудандық партия комитетінің август айында болған пленумында

Силин жолдас партия насихатының міндеттері туралы баяндама жасады, қалалық партия комитетінің лекторлары Мецкуков жолдас халықаралық жағдай, Воинова жолдас Совет Одағының Коммунистік партиясының елу жылдығы туралы лекциялар оқыды.

нистер Шубарова, Мусин жолдас марксизм-ленинизм кешкі университетінде оқып жүр. Қалған 25 коммунист партия тарихын үйренетін жоғарғы типті үйірме-

алып, тыңдаушылар мен насихатшылар үшін теориялық лекцияларды әзірлеу ісіне кірісті.

Аудан партия ұйымы партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына толық әзірлікпен кірісіп, коммунистер мен партияда жоқ кадрларымыздың марксист-лениндік ілімді терең үйренулерін қамтамасыз етеді.

С. ИМАҚОВ,

ККП Булаев аудандық комитетінің секретары.

Семинардың келесі сабақтары саяси мектептер мен үйірмелердің оқу жылына қарай топ-топқа бөлініп өткізіледі. Сөйтіп, оқу программасының бірінші тақырыптары бойынша методикалық баяндамалар жасалады. Насихатшылардың өзара тәжірибе ауысуы ұйымдастырылады.

де оқымақ. Жоғары дәрежелі білімі бар, көп жылдардан бері насихатшы болып істейтін Петров жолдас үйірме жетекшілігіне белгіленді.

Мол кіріс

Колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындады. Сонымен бірге, тұқым қоры үшін 5 мың центнер, мал жемі үшін 5 мың центнер астық колхоз қамбасына үйілді. Көзір колхозшылардың әрбір еңбек күніне 5 килограмнан астық берілді. Сол сыяқты, колхоз мемлекеттік сауда орындарына 3 мың центнер астық сатып, 360 мың сом кіріс кіргізгелі отыр.

Электр станциясы іске қосылмақ

Бұл колхоздағы электр станциясы қажетті бөлшектер болмағандықтан бірнеше жыл бойы жұмыс істемей тұрған еді. Көзір станция үшін қажетті двигатель сатып алынды.

Станция енді аз күнде колхозды деревняны электр нұрына бөлейтін болады.

Б. ЖАҚЫПОВ,
ҚАРАҚОҒА. (Өз тілшіміз).

темасы бойынша дауыстың бес процентін алмаған партиялар парламенттегі өкілдіктен айрылады. Сонымен бірге, ГКП Орталық басқармасы секретариатының көрсеткеніндей, сайлаудың нәтижесі халықтың белгілі топтарында әлі де орын алып отырған фашистік идеологияның, ұлтшылдықтың және шовинизмнің қалдықтарын коммунистік партияның, әзірше жеңе алмай, ұлттың шын мәнісіндегі демократиялық санасын жасай алмай отырғандығын көрсетті.

Бонн билеп-төстеушілерінің шектен асқан террорына, олардың мұхиттың арғы жағындағы қожайындарының жазақорлық насихатына қарамастан, 9 миллион сайлаушы өздерінің дауысын оппозициялық партияларға — Германияның социал-демократиялық партиясына, коммунистік партияға және басқаларға берді. Социал-демократтар парламентте 150 орын алды, ал осы белгілі табыс ең алдымен ГСДП кандидаттарының сайлау науқанын Бонн және Париж соғыс договорларына қарсы күресу ұранымен жүргізгендігіне байланысты. Бірақ, ГКП Орталық басқармасы секретариатының мәлімдемесінде атап көрсетілгеніндей, ГСДП басшылығының ауытқымалы, дәйексіз қыймылы, Аденауэрдің агрессиялық бағытына үнемі жол беріп қалатын сайлаушыларды адастырды. Мұның үстіне ГСДП басшылығының антикоммунизмі ГСДП-ның сайлау мүмкіндіктерін тежеп қана қоймай, сонымен бірге реакцияға көмектескендік болды.

Батыс Германиядағы «сайлаудың» нәтижелерін герман халқы үшін және Германияның көршілері үшін елеулі хауіп туғанын көрсетеді.

Американ қару-жарақ шонжарлары мен батысгерманиялық кешкілердің сайлау нәтижелерін Батыс Германияны дүниежүзілік жаңа соғыстың соғыс тірегіне неғұрлым тез айналдыру үшін пайдалануға әрекет жасайтындығы күмәнсіз. Ерекше сыйпатты жағдай сол, американ итаршысы Аденауэр сайлаудан кейінгі келесі күннің өзінде немістерді Германияны қайта қосу туралы емес, қайта «шығыс аймақты азат ету» туралы, яғни ГДР-ге қарсы жаңа арандату әрекеттері туралы ойлауға шақырды.

Батыстың реакцияшыл баспасөзі, сайлаудың нәтижелерін бағалай келіп, не туралы жазып отыр? Ол бейбітшілік туралы емес, Германияның бірлігі туралы емес, герман халқының ұлттық мүдделері туралы емес, қайта Европада

Соңғы шартты алатын болсақ, бұл шарт, атап айтқанда, Англия мен Иран арасындағы мұнай мәселесін АҚШ-тың сөзсіз «келістіруімен» «реттеуді» көздейді. Американың «Чикаго дейли ньюс» газеті ашықтан-ашық былай деп мәлімдеді: «Американ казначействосының есігі Иран үшін ашылудан бұрын» Захеде үнметі тарапынан Англиямен таласты «реттеуге» әзір екендікті дәлелдейтін белгілі қыймыл жасау керек болады.

Осыған байланысты ағылшын «Дейли мейл» газеті істің жайын ақыйқат билгендіктен жақында былай деп жазды: «сайып келгенде американың техника мамандарын Абаданға (Иранның мұнай өнеркәсібінің орталығы.—М. А.) өтіп кетеді деп толық дерлік сеніммен айтуға болады, ал мұнда орасан зор мұнай кәсіпорындарын бір кезде ағылшын чиновниктері басқарған болатын».

Ағылшынның «Скотсмен» газеті американың мұнай компанияларының Иранға өтуі мүмкін екендігін жасырмайды, мынадай көңілсіз қорытындыға келген: «мұның өзі ағылшын мүдделеріне қайшы келген болар еді, бірақ кездесуге тура келуі ықтимал болып отырған перспектива міне осындай».

Мұнай туралы таласты мұндай жолмен «реттеудің» Иран мәселесіндегі ағылшын-американ қайшылықтарың бәсеңдетпейтіні былай тұрсын, қайта бұрынғыдан анағұрлым шиеленісетіні мүлде айқын.

Иранның ұлттық байлықтарын басып алу үшін отаршыларға тән тәсілдер іске қосылды. Бірақ бұл АҚШ билеуші топтарының көп мақсаттарының бірі ғана болды. Олар Иранды өздерінің соғыс жоспарларына қосуды басқа мақсат етіп қойып отыр. Вашингтон үшін «абыржудың» басты көзі, Асшпәйетед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісі Хайтауэрдің атап көрсеткеніндей, Иранның «стратегиялық маңызды жағдайы» болып табылады.

Құрама Штаттардың Иранға тықпалап отырған орталық саясаты Иранның ұлттық экономикасын кезіргіден анағұрлым ауыр жағдайға ұшыратады. Мұның өзі бейбітшілік үшін, өз отанының бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан Иранның пәсешіл күштерінің қарсылығын күшейтеп қоймайды.

М. АФОНИН.

Редактор Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРМДЫ МЕКЕНДЕУШІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЛЕВ ТОЛСТОЙ»

Сеанстар сағат 5-7-40-те басталады.

КИНО

Ұлы жазушы туралы фильм

Облысымыздың кино-театрларының экрандарында «Лев Толстой» атты документті фильм көрсетіліп жатыр. Бұл фильм біздің Лев Толстойдың өмірімен және оның творчестволық қызметімен толығырақ танысуымызға мүмкіндік береді.

Лев Николаевич Толстой—совет халқының сүйікті жазушысы. Міне, сондықтан да ол туралы жасалып шыққан кинофильмді жұртшылық қызыға көруде.

Жазушының өмірі толып жатқан тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Лев Толстой декабристер көтерілісі басылғаннан үш жыл кейін, 1828 жылы туды. Ал, орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкин қайтыс болған кезде ол 9 жастағы бала еді. Толстой өзінің өмірінде екі соғысқа —Кавказ, Қырым соғыстарына қатысты.

Фильмді көркем және мазмұнды етіп шығаруда сценарийдің авторлары Л. Никулин мен С. Вубрик көп еңбек сіңірген. Сол сыяқты, фильмнің режиссері С. Вубрик пен Е. Ефимовтың фильмнің оқиғға желістерін, орыс жерінің көз тартатын тамаша сұлу табиғатын көрсетудегі шеберліктерін де атап өту қажет.

Фильм хронологиялық принциппен құрылған. Онда жазушының өмірі мен творчествосы байланыстырылып, бір ізбен көрсетіліп отырылады. Фильмнің ең құнды жері сол—мұнда жазушының тірі кезінде 1909—1910 жылдарда ту-

сірілген кино документтер мен сөздері берілген.

Жазушының туған жері Ясная Поляна фильмде өте шебер көрсетілген. Ясная Полянаға кіре берістегі ескі екі мұнара, орманның бай, сұлу табиғаты, біркелкі болып өскен қайың, шырша, қарағай ағаштарына қызыға қарайсың. Бір кезде жазушы отырғызған қайың шыбықтар ну орман болып өскен. Жазушының серуендеп жүретін сүйікті жері — шырша, қарағай ағаштарының арасы. Мұнда сырғауылдан жасалған ұзынша орындық тұр. Бұл бір кезде жазушының дем алатын орны болған.

Лев Толстойдың алғаш рет Москвада болуы, Қазан университетінде оқуы және Қырым, Кавказ соғыстарына қатысуы бұрынғы кино документтерден алынған суреттер бойынша көрсетілсе де өте тартымды болып шыққан.

Қырым соғысынан кейін Лев Толстой Ясная Полянаға қайта оралып, жазушылық қызметпен айналысты. Экраннан верандасы бар ескі екіқабат үй көрінеді. Жазушы өз өмірінің көпшілігін осы үйде өткізді. Үй алдындағы тазартылған алаңда жуан шөгіршін ағашы бар. Оның айналасына орындықтар қойылған. Жазушының тірі кезінде шаруалар осы араға жыйналып, Лев Николаевичпен ұзақ әңгімелесетін, одан ақыл, көмек сұрайтын.

Жазушының жұмыс кабинеті, келген қонақтарды қабылдайтын балкон, семья мүшелері жыйналатын үлкен бөлме бі-

рінен соң бірі көз алдынан өтіп жатады. Бөлменің қабырғасына орыс суретшілерінің суреттері ілінген. Үйдегі мүліктердің барлығы жазушы өмірінің соңғы айларында қандай қалыпта болса, сол күйінде сақталған. Жазушының кітапханасында кітапқа толы 8 шкаф тұр, онда 22 мыңнан астам кітап бар. Жазушы тоғыз тілде сөйлей білген.

Жұмыс кабинетінде әкесінен қалған ескілікті жазу столы тұр. Лев Толстой бұл столдың жанындағы кішкене креслода отырып, «Соғыс және бейбітшілік» атты дүние жүзі әдебиетінде теңдесі жоқ эпопеясы мен «Анна Каренина» деген романын жазған. Столдың үстіндегі жұпыны жазу құралдарын ұлы жазушы өзінің мәңгі өшпес шығармаларын жазуға пайдаланған болатын.

Жазушы «Севастополь әңгімелерінде» өз Отанының жауынгер патриоты болып майданға шықты. Ал, «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясында шетел басқыншыларынан өз Отанын қаһармандықпен қорғаған ұлы орыс халқының тамаша ерлігін көрсетті. «Анна Каренина» романында буржуазиялық-дворяндық қоғамның екі жүзді жалған мораль жеріне жеткізе әшкереледі. Фильмде бұл шығармалардың бәрінен үзінділер келтіріледі.

Фильмде жазушының қол жазбалары, түзетулері көрсетілген. Жазушы бір шығарманы өз көңіліне ұнағанша қайталап жаза берген. Көркем сөздің дамып шығуы Толстой «Жаңару» атты романында шығарманың негізгі кейіпкері Катюша Маслованың портретін жасауға тек 14 жол ғана берген. Бұл 14 жолды жазушы 20 рет қайта өңдеп жазған.

Жазушының 80-ге келгеніне қарамастан

салт атқа жас жігітше жылдам мініп, Ясная Поляна орманын аралап жүрген Толстойды көреміз. Лев Толстой шаруалармен бірге жұмыс істеуді жақсы көретін. Ол шөп шапты, жер жыртты, ағаш аралады.

1910 жылы тұманды күзгі түнде жазушы Ясная Полянадан біржола кетті. Ол Астапово теміржол станциясы бастығының кішкене үйінде 1910 жылғы 9 сентябрь күні таңертең қайтыс болды. Жазушының денесі Ясная Полянаға, өзі тірі кезінде көрсеткен жерге қойылды. Оны жерлеуге мыңдаған адамдар жыйналды.

Ясная Поляна орманы арасынан гүлдермен безелген кішкене қабыр көрінеді. Қабырдың басында жазушының тірі кезінде отырғызған қайың мәуелеп өсіп, қабырды сақшыдай қорғап тұр. Жазушының өсиеті бойынша қабырдың басына жазу, ескерткіш орнатылмаған.

В. И. Ленин «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы» деген атақты мақаласында «суретші Толстойдың тіпті Россияның өзінде тек болмашы азшылыққа мәлім болуына» қатты қынжылған еді. Бұл күндері ұлы жазушының шығармалары туысқан совет халықтарының және дүние жүзі халықтарының тілдеріне аударылды. Экранда әрбір тілде басылып шыққан, жазушының «Соғыс және бейбітшілік» және басқа шығармалары көрінеді.

Жазушының ұзақ өмір жолын бір фильмде баяндап шығу өте қыйын. Алайда, ұлы жазушы туралы фильм мазмұнды және көркем болып шыққан.

М. НУРПЕЙІСОВ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33 партия бөлімі — 0-22, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.